

Тақырыбы:

“Шығыстың рухани бұлағы-қасиетті Ырғызбай ата”

Дарынды балаларға арналған
облыстық мамандандырылған
мектеп –лицей интернатың
10«А»-сынып оқушысы

Мұратбеков Елназ

Жетешкісі: Гуля Кажиевна, Жоғарғы санатты тарих пәнінің мұғалімі.



Зерттеу жұмысының өзектілігі:

Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлы адамдардың игі істері мен даналық сөздері келер ұрпаққа қажетті рухани қазына екені белгілі жұмысымының құндылығы осында. Елі үшін еңбек еткен тарихи тұлғаны бүгінгі ұрпақ санасын қалыптастыруға, адамгершілікті, имандылықты уағыз ете отырып таныстыру. Егер менің жобамдағы тарихи мағұлматтармен мұғалімдер, оқушылар танысатын болса, мәдени құндылықтары, рухани дүниетанымдары нығайып, өз туған жеріне деген қызығыушылығы артатын еді. Бұл жобаның мақсаты тек өткенін ғана білгізу емес, рухани дүниесін қалыптастыру екенін айта кеткен жөн. Өткенін білмей қазіргісі мен болшағын бағалау мүмкін емес, қоғамның дұрыс бағытта дамуы үшін азаматтардың тарихи сауаттылығы мен белсенділігі орасан зор маңызға ие. «Тарихсыз-халық жоқ» деген нақыл бекерге айтылмаса керек керек. Тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Өз тарихын білу болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңнен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі. Шығыс Қазақстан жастары өзінің аймағындағы қасиетті жерлерін білу парыз болып табылады. Сол себепті әр өңірдің жастары өз елінің қасиетті орындарын насихаттауға міндетті.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

- Ерекше қастерленетін табиғи, мәдени мұра және діни сәулеттің айрықша үлгісі Ырғызбай әулиенің кесенесімен таныстыра отырып, біз келешек ұрпақтың жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси тұлғаның өмірі және рухани шығармашылығын насихаттау;
- Елімізде қоғамдық сананы жаңғырту;
- «Аманат» мұражайымен таныстыру;
- «Дала даналары» кітапханасымен таныстыру
- «Әйтік» мешітімен таныстыру

Шығыстың рухани бұлағы, қасиетті де атақты емші [Ырғызбай Досқанаұлы](#) 1787 жылы туып, 1850 жылы дүниеден өткен. Қазіргі [Шығыс Қазақстан облысы](#), [Жарма ауданы](#) Қапанбұлақ станциясының маңы, Қарақия тауында дүниеге келген. Орта жүзге белгілі халық емшісі, әулие, көріпкел. Найман ішіндегі Мәмбетқұл (Қыржы) руынан шыққан. Кесенесі [Шығыс Қазақстан облысы](#), [Тарбағатай ауданында](#) Тарбағатай тауының теріскей бетіндегі бұйратты құба белде, Ақсуат ауылынан Кіндікті ауылына баратын жолдың бойында, солтүстікке қарай 5 шақырым жерде Күмісті бастауының қасында орналасқан.



Ырғызбай ата кесенесінің құрлысы

1990 жыл



2014 жыл



“Аманат мұражайы”

«Еуро»-2017 көрмесіне қойылған алып «Асық» мүсіні.



Домбыралар жинағы.





«Аманат» мұражайындағы әшекей бұйымдар.




«Әйтiк» мешитi



«Дала даналары кітапханасы»



Ырғызбай кесенесінің туристік картасы.



Қорытынды

Ғылыми жобада Тарбағатай ауданының киелі орыны – Ырғызбай ата кесенесі қарастырылды. Айта кетсек Ырғызбай ата кесенесі Шығыс Қазақстанның киелі орындарының қатарына кіреді және «Рухани жаңғыру» аймақтық бағдарламасына енген. Қазіргі таңда Киелі орын толығымен мемлекет қарамағына өтіп, қаржыландыруда. Және де жыл сайын Ырғызбай атаның құрметіне әр түрлі халықаралық жарыстар ұйымдастырылып, жоғарғы дәрежеде өтуде. Ырғызбай ата кесенесінің жанында «Аманат» мұражайымен «Дала даналары кітапханасы» және «Әйдік» мешіті бой көтерген. Менің мақсатым осы Тарбағатай ауданының киелі орынын елге таныстру болып табылады. Ол үшін менің ұсынысым Ырғызбай ата кесенесін ғаламтор желісіне, газет-журналдарға, телеарналарға қаржы бөліп жарнамалату. Және де Өскемен қаласынан Ырғызбай кесенесіне арнайы маршрут жасау, жол сапасын жақсарту. Тарих пәніне Ырғызбай ата туралы мәлімет енгізу. Ырғызбай әулие кешені-Өскемен қаласынан-320 км, Семей қаласынан-370км, Ақсуат ауылынан-75.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!